



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №981379/2024/1

20.05.2024 жылғы

"ҚМГ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Филиал директорының экономика және корпоративтік басқару жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Естекова Бибатпа Мухановна негізінде әрекет ететін Сенімхат №3248816980 10.05.2024 бастап, атынан, бір жағынан, және "ОКСИГЕН" Бірлескен кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Бас директор Беркимбаев Куаныш Жаркинбекович негізінде әрекет ететін 2022 ж.16.06. № 46 бұйрық, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 981379 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Аталған Шарттағы төмендегі ұғымдар келесі түсіндірмеге ие болады:

1.2.1. «Шарттың жалпы құны» Тапсырыс берушінің Өнім берушіге Шарт аясында Ілеспе қызметтерді, Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған салықтар мен бюджетке өзге міндетті төлемдерді ескере отырып келісімдік міндеттемелерді толық және сапалы орындағаны үшін төленетін құнды білдіреді;

1.2.2. «Ілеспе қызметтер» орнату, тасымалдау және өзге қосалқы қызметтер сияқты Тауарлардың тасымалдануын қамтамасыз ететін қызметтерді білдіреді.

1.3. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.3.1. осы Шарт;

1.3.2. сатып алынатын Тауарлар тізімі - Шарттың №1 қосымшасы;

1.3.3. Тауардың техникалық сипаттамасы – Шарттың №2 қосымшасы;

1.3.4. жеткізілетін тауардағы елішілік құнды есептеу нысаны – Шарттың №3 Қосымшасы;

1.3.5. Тауарды қабылдау-тапсыру актісінің формасы / ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісінің формасы – Шарттың №4 қосымшасы;

1.3.6. қорларды тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат формасы (бұдан әрі – Жүкқұжат) – Шарттың №5 қосымшасы;

1.3.7. Төлем/инвойс шотының формасы (бұдан әрі – Бейрезиденттер үшін) - Шарттың №6 қосымшасы;

1.3.8. Санкциялық ескертпе – Шарттың №7 қосымшасы.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 1058400.00 (бір миллион елу сегіз мың төрт жүз) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарттың 2.1 тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қолданылатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден құралады.

2.3. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.4. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.5. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.5.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазып берілген электрондық шот-фактура;

2.5.3. Қажет болған жағдайда, қабылдау-тапсыру актісінің орнына ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісі;





- 2.5.4. Жүкқұжат;
- 2.5.5. Шығарылған елі, партияға сапа сертификаты (паспорты);
- 2.5.6. Аткарылған жұмыстардың соңғы қабылдау-тапсыру актісімен бірге өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі.
- 2.6. Қабылдау-беру актісін, жүкқұжатты ресімдеу кезінде Тапсырыс беруші жолда " ҚМГ Инжиниринг "" ҚАЗМҰНАЙГАЗҒЗЖИ "жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалын көрсету, Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 35 шағын аудан, 6/1 ғимарат, БСН 180541009170.
- 2.7. Шот-фактураны ресімдеу кезінде алушы жолында келесі деректемелерді көрсету керек:
Алушы: "ҚМГ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Алушының БСН және орналасқан жерінің мекенжайы: БСН 140340010451, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана Қ., Дінмұхамед Қонаев, 8
Алушының ЖСК: KZ546010111000193945, "Қазақстан Халық банкі"АҚ банкінде. БСК HSBKКZKX
Жүк алушы жолында келесі деректемелерді көрсету керек:
Жүк алушы: БСН 180541009170, "ҚМГ Инжиниринг" "ҚазНИПИмұнайгаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы, Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 35 шағын аудан, 6/1 ғимарат.
- 2.8. Тапсырыс беруші төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауға байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.
- 2.9. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.
Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.
Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.
Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.
- 2.10. Қабылдау-беру актісін (ларын) өнім беруші Тапсырыс берушіге қағаз жеткізгіште жібереді. Өнім беруші электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін "Самұрық-Қазына" АҚ Ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі-жүйе) тауарларды қабылдау-беру актісіне (актілеріне) қол қойылған қабылдау – беру актілерінің көшірмелерін қоса бере отырып, тауарларды қабылдау-беру актілеріне ілеспе хаттарды қалыптастырады және оларға қол қояды шартқа №4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіште жібереді.
- 2.11. Тапсырыс беруші Өнім берушіге төленуге тиіс сомадан есептелген санкциялар сомасын ұстап қалуға құқылы.
- 2.12. Салықтар мен бюджетке өзге міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сай төлемге жатқызылады.
- 2.13. Шарттың жалпы құнына Тауарды тасымалдау шығындары да кіреді, және ол шығындар соған кіретін тасымалдау және сақтандыру, кеден салықтары мен өзге қолданылатын салықтар мен Қазақстан Республикасының бюджетіне өзге міндетті төлемдер шығындарымен бірге ИНКОТЕРМС 2010 (DDP) шартымен жүзеге асырылады.
- 2.14. Тараптардың мекен-жайы немесе деректері өзгерген жағдайда, Тараптардың әрқайсысы тиісті өзгерістер туралы бір бірін жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндеттенеді. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енуінің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты күшіне енеді.
- 2.15. Егер Шарт жасалған күні Өнім беруші ҚҚС төлеуші болып табылмаса, ал кейіннен Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ҚҚС төлеуші болып танылатын болса, онда шарттың ҚҚС-сыз белгіленген жалпы сомасы ұлғайтуға жатпайды және ҚҚС сомасын қамтитын болады.
- 2.16. егер Өнім беруші тұрақты мекеме құрмай Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса және ілеспе қызметтер көрсететін болса, Тапсырыс беруші төлемді Шарттың жоғарыда көрсетілген тармақтарының талаптарына сәйкес (шот-фактураны ұсынудан басқа) өнім беруші инвойсты (төлем шотын) және Шарттың 5.8 және 5.9-тармақтарында көрсетілген құжаттарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем күнгі бағамы бойынша _____ (төлем валютасы) ұсынғаннан кейін жүргізеді.
Бұл ретте, өнім берушіге ақы төлеу мынадай салықтарды шегере отырып жүргізіледі:
- Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме бойынша өнім берушіге табыс төлеу көзінен корпоративтік табыс салығын; - егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме бойынша өнім берушінің Қазақстан Республикасында тұрақты болушы деп танылатын қызметкерлеріне табыс төлеу көзінен жеке табыс салығын төлеуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме бойынша жүзеге асырылады. Сондай-ақ, өнім беруші шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірін көрсете отырып, бейрезиденттің резиденттік елінде салықтық тіркелуін растайтын құжатты ұсынады.
- 2.17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркелген тұрақты мекеме





арқылы ілеспе қызметтер көрсетілген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес салық төлеуші куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді дербес төлейді.

2.18. Өнім беруші осы Шартта Тапсырыс берушіге тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша өнім берушіге тиесілі ақшадан осы Шартта, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған өзге де шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және(немесе) тиісінше орындамағаны үшін кез келген соманы біржақты тәртіппен ұстап қалу құқығын береді. Ұстап қалу үшін мыналар: шарттық міндеттемелердің орындалмауын / тиісінше орындалмауын растайтын құжаттар негіз болып табылады; шарттар бойынша міндеттемелерді орындау кестелерін бұзу; есептелген айыппұлдар, өсімпұлдар және өзге де тұрақсыздық айыптары; шарттар бойынша мердігер/Орындаушы алған тауарлар/жұмыстар/қызметтер; шарттар бойынша өзара есепке жатқызулар жүргізу.

2.19. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші ұстап қалатын сомалар жеткіліксіз болған кезде Өнім беруші жетіспейтін соманы Тапсырыс берушіден тиісті шотты алған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде төлеуге міндеттенеді.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауарды жеткізу күні ретінде Тапсырыс берушінің Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне / ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актілеріне және Жүкқұжатқа қол қойған күн болып саналады. Өнім беруші тауарды Тапсырыс берушіге Шарттың №1, №2 Қосымшаларына сай Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне / ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актілеріне және Жүкқұжатқа сай сан мен сапада тапсырады. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну тәуекелі Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-тапсыру актісіне/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау -тапсыру актісіне және жүкқұжатқа қол қойған күннен бастап Тапсырыс берушіге Өнім берушіден ауысады. Жеткізуге байланысты шығындар Шарттың жалпы сомасына кіреді.

3.3. Тауар Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеткізіледі

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Шартқа №№4, 5 қосымшаларға сәйкес форма бойынша тауарды қабылдау-тапсыру актісі/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісі және жүкқұжат бойынша тауарды тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазып берілген шот-фактураны ұсынуға. Барлық көрсетілген құжаттарды Тауар жеткізілген айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен кешіктірмей тапсыруға.

4.1.3. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген Тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

4.1.3.2. Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлардың барлық көлемі (саны) үшін СТ-KZ үлгісіндегі сертификатының (тар) электрондық көшірмесі (Жүйеде берілген). Тәртіптің 37 -бабының 6 -тармағына сәйкес «қарапайым заттар экономикасы» тауарларын жеткізуге түпкілікті қабылдау -тапсыру актісімен бірге беріледі.

4.1.4. Шарт талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.5. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

4.1.6. Ақау тізімін алғаннан кейін, Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір шығыстарсыз 10 (он) жұмыс күні ішінде сапасыз және/немесе шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауарды алмастыруға.

Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында анықталған ақауға байланысты дау туындаған кезде Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша сараптама тағайындалуы мүмкін, одан әрі оны жүргізу жөніндегі шығындар қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жасалуы мүмкін.

4.1.7. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың мазмұнын немесе оның ережелерінің кез келгенін ешкімге ашпауға.

4.1.8. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толықтай да, ішінара да бермеуге.

4.1.9. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін қандай да бір жағдайлар туындаған жағдайда, бұл туралы





Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға.

4.1.10. Егер Өнім беруші ҚР бейрезиденті болған жағдайда, кеден шекарасынан өтудің алдын-ала күніне дейін 5 күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде Тапсырыс беруші ҚР заңнамасына сай электронды ілеспе жүкқұжатын уақытылы және дұрыс толтыру үшін Тапсырыс берушіге Тауар туралы және Тауарды жіберудің алдын-ала күні туралы ақпаратты ұсынуға. Өнім берушінің тауарды жөнелтудің алдын ала күні туралы ақпаратты ұсынбауына/уақтылы ұсынбауына байланысты электрондық ілеспе жүкқұжатты ұсынбағаны/уақтылы ұсынбағаны үшін Тапсырыс берушіге айыппұл санкциялары салынған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге жазбаша хабарланған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде төленген айыппұл санкцияларының сомасын өтеуге міндетті.

4.1.11. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін тауармен бірдей және (немесе) біртекті тауарларға өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпарат (оның ішінде белгілі бір күнге өнім беруші қол қойған коммерциялық ұсыныстар) беру мүмкіндігін қарауға.

4.1.12. Осы Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға.

4.1.13. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпарат ұсынуға. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап етуге құқылы (Бұл тармақ өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайда қолданылады).

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқығы бар.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Шарт бойынша міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға (Бұл тармақ өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайда қолданылады).

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Өнім берушіден алынған айыппұлдарды, өсімпұлдарды және келтірілген зиянды төлеуді талап етуге.

4.4.5. Шарттың №1, №2 қосымшаларының талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды ауыстыруды талап етуге.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды.

Егер Өнім беруші 5 (бес) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Өнім беруші мойындаған болып саналады және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған сәттен бастап жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы





туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

5.5. Егер кемшіліктер Шарттың 5.4 -тармағында көрсетілген мерзімде жойылмаса, Тапсырыс беруші Шартта көзделген санкцияларды қолдануға, Шартты біржақты бұзуға және Өнім берушіден осыған байланысты шығындар мен шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.6. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындағаннан кейін Өнім беруші Тапсырыс берушіге қол қою үшін тауарды қабылдау-беру актісін/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-беру актісін, жүкқұжатты және өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін (қажет болған жағдайда) қағаз жеткізгіште жібереді. Шағымдар болмаған жағдайда Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-беру актісіне/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-беру актісіне және жүкқұжатқа қол қояды. Тауарды қабылдау-беру актісіне/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-беру актісіне және жүкқұжатқа қол қойылғаннан кейін Өнім беруші "Самұрық-Қазына" АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы осындай тауарды қабылдау-беру актісіне/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-беру актісіне және жүкқұжатқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні -қол қойылған тауарды қабылдау-беру актісінің/ ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-беру актісінің (актілерінің) және жүкқұжаттың көшірмелерін қоса бере отырып, тауарды беру/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-беру актісі (актілері) ішінде қабылдау актісіне ілеспе хат жолдайды.

5.7. Тауарды қолданысқа енгізу қажеттілігі туындағанда, Тараптар тауарды пайдалануға беру актісіне қол қойғаннан кейін Өнім берушінің тауарды тиісінше жеткізу жөніндегі міндеттемелері орындалған болып есептеледі. Тауарды қолданысқа енгізу Өнім берушінің қаражатынан, Тараптар келіскен мерзімде, бірақ осы Шарттың қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

5.8. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай жұмыс істейтін өнім беруші, оның қызметкерлері Шарттың 5.9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында күнтізбелік 183 күннен астам болғандығы туралы растау ұсынылған жағдайда, ілеспе қызметтер көрсетілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 656-бабы 1, 3-тармақтарының талаптарына сәйкес өнім берушінің Қазақстан Республикасына жіберілген шетелдікпен немесе азаматтығы жоқ адаммен жасасқан жеке еңбек шарттарының (келісімшарттарының) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариат куәландырған көшірмелерін не өнім беруші қызметкерлерінің кірістері туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжатты ұсынады.

5.9. Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай жұмыс істейтін өнім беруші, Шартқа сәйкес ілеспе қызметтер көрсетуге тартылған қызметкерлердің қызметтер көрсету кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағына кіруін және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуін растайтын құжаттардың көшірмелерін ілеспе қызметтер көрсетілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей ай сайын береді, сондай-ақ өнім берушінің Қазақстан Республикасының аумағында есепті айда аяқталатын кез келген жүйелі он екі айлық кезеңде оның қызметкерлерінің кемінде (немесе одан да көп) күнтізбелік 183 күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болуы туралы растауын ұсынады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.

6.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімін күнтізбелік 30 күннен артық кешіктірген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10% айыппұл төлеуге міндетті;

7.2.3. Егер Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ үлгісіндегі сертификатты ұсынбаса, Өнім беруші жеткізілген тауарды





қабылдау-беруді растайтын тиісті қабылдау – беру актісіне тараптар қол қойғанға дейін өнім беруші төлеуге тиіс шарттың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл түрінде өзі өндіретін тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болады. Бұл ретте Тапсырыс беруші мұндай өнім беруші туралы мәліметтерді өнім берушінің жоғарыда көрсетілген міндеттемені орындамау фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өнім берушіні Қордың тауар өндірушілері тізілімінен шығару үшін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Қордың сатып алу жөніндегі операторына жібереді.

7.2.4. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының) 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте осы Шартты бұзады және әлеуетті Өнім беруші берген өтімді қамтамасыз етуді сақтайды (егер шарттың талаптарында өнім берушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

7.5. Форс-мажорлық жағдайлардан басқа, өнім беруші өз міндеттемелерінен бас тартқан және/немесе орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.6. Өнім беруші кез келген қолданыстағы немесе ықтимал міндеттемелерге, талаптарға, талап-арыздарға, сот талқылаулары мен талаптарға қатысты Тапсырыс берушінің жауапкершілігінен босатуға міндеттенеді және талап-арыздар, талап-арыздар немесе үшінші тұлғалардың туындауы мүмкін өзге де талаптары қойылған жағдайда залалдарды, оның ішінде шығындарды (сот шығындарын қоспағанда) өтеуге кепілдік береді. мұндай залалдар Тапсырыс берушінің қасақана заңсыз әрекеттерінің нәтижесі болып табылатыны сот тәртібімен анықталған жағдайларды қоспағанда, Шартты орындау кезінде Өнім берушінің іс-әрекеттерімен байланысты.

7.7. Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өнім берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуына байланысты құзыретті мемлекеттік органдар өндіріп алған барлық төлемдерді Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

7.8. Егер Өнім беруші Шартты тиісінше орындамаса немесе өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзса, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

7.9. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.9.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.9.2. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.9.3. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідіріс сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.9.4. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.9.5. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.10. Тапсырыс беруші өзінің міндеттемелерін орындамағаны және / немесе тиісінше орындамағаны үшін, Шарттың 7.9-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасынан Өнім берушіге 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.11. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.





7.12. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды негізсіз бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін және осыған байланысты туындаған залалдарды бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы (өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайда осы тармақ қолданылады).

7.13. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.14. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін Тауарды өндірушіге Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

7.15. Тапсырыс беруші жауапкершілікке тартылмайды және шоттардың дұрыс ресімделмеуінен туындаған төлемді кешіктіргені үшін Өнім берушіге өсімпұл төлемейді.

7.16. Өнім беруші шартты орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші залалдар мен жоғалған пайданы өтеуге құқылы.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.3.5. Тәртібінің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

8.3.6. Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада себеп көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс.

8.5. Тауарды сатып алудың орынсыздығына негізделген шартты орындаудан бас тартуға тапсырыс берушінің экономикадағы төтенше жағдайға немесе басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқартылған жағдайда не алқалық атқарушы органның/Байқаушы кеңесінің шешімі негізінде (алқалық атқарушы орган/басқарушы органының Байқаушы кеңесі/Тапсырыс берушінің жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда, өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда жол беріледі жол беріледі.

Тауарды сатып алудың орынсыздығына негізделген сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға өнім беруші іс жүзінде шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.6. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт талаптарының өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушінен Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.7. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер,





сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Шарт Тапсырыс берушінің уәкілетті органы оны жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайда (Тапсырыс берушінің Жарғысына сәйкес Тапсырыс берушінің уәкілетті органы шешім қабылдауы қажет болған жағдайда) Тараптардың уәкілетті тұлғалары оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

